

Кеден қоймасының қызметін ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 3 қараша N 528-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 11 қарашада тіркелді. Тіркеу N 970. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен.~V011444

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z952368_ сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Кеден қоймасының қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулық бекітілсін.
2. "Кедендік қоймалар туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 16 қазандағы N 147-Б бұйрығының күші жойылды деп танылсын.
3. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Г.Мұхамедиева) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.
4. Кедендік режимдер мен кедендік рәсімдерді бақылауды ұйымдастырудың Бас басқармасы (М. Байболов) осы бұйрықты іске асыруды қамтамасыз етсін.
5. Баспасөз қызметі (Г. Исахан) осы бұйрықты жариялауды қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың атқарылуын бақылау Төрағаның орынбасары Б.Жұмабаевқа жүктелсін.
7. Бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
1999 ж. 3.11. N 528-Б
бұйрығымен бекітілген

Кеден қоймасының қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Z952368_ (бұдан әрі - Заң) Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес кеден қоймасының кедендік режимі әкелінген тауарларды сақтау кезеңінде кеден бажын, салықтарды алмастан және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан кедендік бақылауда сақтау үшін, сондай-ақ экспортқа арналған тауарларды оларды іс жүзінде экспорттағанға дейін кеден бажын, тарифтік емес реттеу шараларын қолдана отырып, кедендік бақылауда сақтау үшін арналады.

2. Кеден қоймасы деп кеден қоймасының кедендік режиміне сәйкес тауарларды сақтауға арналған кез келген арнайы белгіленген және жайғастырылған үй-жай немесе орын танылады.

3. Кеден қоймалары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) лицензиясы алынғаннан кейін тағайындалады.

4. Кеден қоймасының аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады.

5. Кеден қоймасының кедендік режиміне тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тауарларды қоспағанда, кез келген тауарлар орналастырылуы мүмкін.

6. Кеден қоймасында тауарларды сақтау мерзімі Заңның 46-бабына сәйкес айқындалады.

2. Кеден қоймаларын жайғастыру мен жабдықтауға және олардың иелеріне қойылатын талаптар

7. Кеден қоймаларын жайғастыру мен жабдықтауға қойылатын талаптар кеден қоймасының кедендік тәртібіне қойылған тауарларды кедендік ресімдеуді және кедендік бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатындағы қажеттілік пен жеткіліктілік өлшемдеріне байланысты белгіленеді.

8. Кеден қоймасы тағайындалуға арналған үй-жай немесе орын өрт қауіпсіздігінің талаптарына, санитарлық-тұрмыстық және техникалық нормаларға сәйкес, сондай-ақ мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

- 1) кеден қоймасын жайғастыру мыналарды:
кедендік бақылаудан басқа, кеден қоймасынан тауарлардың алыну мүмкіндігін болдырмауды;
қоймада тұрған тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуді;
бөгде адамдардың тауарларға еніп кету мүмкіндігін болдырмауды қамтиды;
- 2) кеден қоймасының аумағы бүкіл аумағы бойынша белгіленген және қоршалған болуы тиіс;
- 3) қойма кірме жолдармен жабдықталған, тауарларды өлшеуге арналған, сертификатталған жабдықтармен, тиеу-түсіру техникасымен жасақталған болуы тиіс.

Кеден қоймасының кеден режиміне орналастырылатын тауарларды кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді жүзеге асыру мақсатында тиісті үй-жайлардың немесе орындардың иелеріне қажетті қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар, кеден органдарының қызметкерлеріне арналған жабдықтар мен байланыс құралдары берілуі тиіс.

Қажет болған кезде кеден органдары кеден қоймасын тағайындауға арналған үй-жайды немесе орынды қосарланып жабылатын, олардың біреуі қызметінің ауқымында дәл осындай үй-жай немесе орын бар кеден органының қарамағында болатын құрылғылар мен жабдықтауды талап етуге құқықты.

9. Уақытша сақтау орыны ретінде пайдаланылатын кеден қоймасының бөлігі уақытша сақтау орнына қойылатын міндетті талаптар туралы Кеден комитетінің бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы керек.

10. Кеден қоймалары олар жұмыс істейтін бүкіл мерзім бойында белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

11. Кеден қоймалары иелерінің міндеттері Заңның 43-бабында айқындалған.

3. Кеден қоймасына орналастырған кезде тауарларды
кедендік ресімдеу

12. Тауарларды кеден қоймасына орналастыру уақытша сақтау рәсіміне сәйкес не жүк-кеден декларациясы негізінде жүргізілуі мүмкін.

13. Уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылатын кеден қоймасының оқшауланған бөлігінде тұрған тауарлар кеден қоймасының кедендік режимінде кедендік ресімделгеннен кейін кеден қоймасының басқа бөлігіне ауыстырылуға жатады.

14. Уақытша сақтау орындарында (кеден қоймасынан басқа) уақытша сақтауда тұрған тауарларды кеден қоймасына орналастыру мақсатында ауыстыру тауарларды жеткізу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

15. Кеден қоймасы кеден қоймасының кедендік режиміне қойылатын

тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін орын болуы мүмкін.

16. Басқа тауарларға нұқсан келтіруі мүмкін немесе сақтаудың ерекше

жағдайларын талап ететін тауарлар кеден қоймасының арнайы жабдықталған үй-жайларында орналастырылуы керек.

17. Кеден режимі өзгертілместен жүзеге асырылатын бір кеден қоймасынан тауарларды басқасына ауыстырған кезде сақтау мерзімі тауарларды кеден қоймасына ең алғаш ауыстырған күннен бастап есептеледі.

Мұндай жағдайда тауарларды іс жүзінде ауыстыру тауарларды кедендік бақылаумен жеткізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Кеден қоймасында сақтаған кезде тауарлармен жүргізілетін операциялар

18. Кеден қоймасына орналастырылған тауарлармен операциялар жүргізу мүмкін:

- 1) осы тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде:
 - тазарту;
 - желдету;
 - кептіру (оның ішінде жылу ағысын келтіре отырып);
 - сақтаудың оңтайлы температуралық режимін жасау (салқындату, тоңазыту, жылыту);
 - қорғаныш құндағына орналастыру;
 - қорғаныш мақсатында майлау және консерванттармен өңдеу;
 - таттан қорғау үшін сырлау;
 - алдын ала сақтандыру саңылауларын қалдыру;
 - коррозияларға қарсы жамылғылармен жабу;
- 2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөнінде:
 - топтарға бөлу;
 - жөнелтімдерді ресімдеу;
 - сорттау;
 - құндақтау;
 - қайта құндақтау;
 - маркілеу;
 - тиеу, түсіру, қайта тиеу;
 - тестіден өткізу;
 - тауарларды ұтымды орналастыру мақсатында қойманың шегінде ауыстыру;
 - басқа да осындай операциялар.

19. Кеден қоймасында тауарлармен жүргізілетін барлық операциялар тоғыз таңбалы деңгейдегі сыртқы экономикалық қызметтің Тауарлық номенклатурасы бойынша сыныптау кодын өзгертуге байланысты, осы тауарлардың сипаттамаларын (сапаларын) өзгертуге тиісті емес.

5. Кеден қоймасында сақтаулы тауарлар туралы есеп пен есептілік

20. Кеден қоймасында сақтаулы тауарлар кеден қоймасының кедендік режиміне сәйкес есепке алынуға тиісті.

21. Кеден қоймаларының иелері есепті жүргізеді және кеден органдарына қоймада сақтаулы тауарлар және олардың сақталу мерзімдері туралы есеп беріп тұрады.

22. Тауарларды кеден қоймасына орналастырған кезде тауарларды қойманың иесі қойманың есептік құжаттарында тіркеуі керек, олар мынадай деректерді қамтуы тиіс:

- 1) тауардың қоймаға орналастырылған уақыты;
- 2) тауардың атауы;
- 3) орны саны және нетто салмағы (кг);
- 4) тауармен бірге жүретін құжаттардың нөмірлері;

жүк-кеден декларациясының нөмірі мен оны босату туралы шешім қабылданған уақыт.

23. Кеден қоймасында сақталатын тауарлар туралы есептерді кеден

қоймалары иелерінің тапсыратын нысандары мен кестесін аймағында осындай қоймалар жұмыс істейтін кеден органдары белгілейді. Бұл ретте есептер кеден органдарына үш айда кемінде бір рет тапсырылып тұруы керек.

24. Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары кедендік бақылаудың барлық нысандарын қабылдауға, сондай-ақ белгіленген кестеден тыс есептерді тапсыруды талап етуге құқықты. Бұл жағдайда есепті кеден қоймасының иесі кеден органының бастығы жазбаша талап қойған күннен бастап үш күннің ішінде тапсыруға тиісті.

25. Кеден қоймасында сақтаулы тауарлар есебінің құжаттары кемінде бес жыл сақталады.

6. Кеден төлемдері мен салықтарын төлеу жөніндегі жауаптылық

26. Кеден қоймасының кедендік режимінде орналастырылған және экспорттың кедендік режиміне сәйкес әкетуге арналған тауарларды кеден бажынан босату немесе төленген сомаларды қайтару Заңның 48-бабына сәйкес жүргізіледі.

27. Кеден қоймасы арқылы айналысқа түсетін тауарларға қатысты кеден төлемдері мен салықтарын төлеу жөніндегі жауаптылық Заңның 44-бабына сәйкес туындайды.

7. Тауарларды кеден қоймасынан босату

28. Кеден қоймасында сақтаудың белгіленген мерзімдері біткеннен кейін: іс жүзінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағы шегінен тыс әкетілуі;

өзге кедендік режимге мәлімделуі;

не Қазақстан Республикасының кеден органдары тағайындаған уақытша сақтау қоймаларына орналастырылуы тиіс.

29. Тауарларды өзге кедендік режимге орналастыру мақсаты үшін тауарлардың кедендік құны мен олардың саны тауарлар қоймадан босатылатын сәтте айқындалады.

8. Жабық түрдегі кеден қоймаларын тағайындаудың ерекшеліктері

30. Жабық түрдегі кеден қоймаларын:

1) кәсіби қызметке (сервистік қызмет көрсету және т.б.) арналған тауарларды сақтауға маманданған адамдар:

2) меншікті тауарларды, сондай-ақ егер кеден қоймасының иесі сонымен бірге тасымалдаушы болса, тасылатын тауарларды сақтау үшін;

3) қойманың иесі оны тағайындаған кезде белгілеген үшінші адамның тауарларын сақтау үшін тағайындауы мүмкін.

9. Кеден қоймасы иесінің кеден қоймасына тауарлар қоятын адамдармен және кеден органдарымен өзара қатынастары

31. Кеден қоймаларының иелері мен кеден қоймаларына тауарларды орналастырушы адамдардың қатынасы Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

32. Кеден қоймаларының иелері кеден қоймалары иелерінің және кеден органдарының бірлесіп тағайындауына сәйкес кеден органдарымен өзара қатынас кестелері бойынша әрекет етеді.

10. Кеден қоймасын тарату

33. Кеден қоймасын тарату туралы талап Кеден комитетінің бұйрығы нысанында қабылданады.

34. Кеден қоймасын тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап кеден қоймасында сақтаулы барлық тауарлар уақытша сақтауда тұр деп есептеледі және таңдап алынған кеден режиміне сәйкес кедендік ресімдеуге жатады.

35. Кеден қоймасын тарату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.